

*Т.З. Рысбеков\*<sup>1</sup>, С.Т. Рысбекова<sup>2</sup>, Б.Ф. Шынтемирова<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрметті академигі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті*

*E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru*

*<sup>2</sup> Тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а., Батыс Қазақстан Инновациялық-Технологиялық Университеті, E-mail: Saltanat.Rysbekova@mail.ru*

*<sup>3</sup> Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан Инновациялық-Технологиялық Университеті, E-mail: ansar\_2004mail.ru*

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУҒА ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСТЕР (XX ҒАСЫРДЫҢ 30 ЖЫЛДАРЫ)**

### *Аңдатпа*

XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан тарихындағы ең қайғылы кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл жағдай еліміздегі астық дайындау кезеңіндегі орын алған дағдарыспен, егістік көлемінің азаюымен және ұжымдастыру науқанының салдарынан туындаған еді.

Қазақстан сталиндік әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің еркімен көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан басқа жерлерде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын негізінен 1932 жылдың көктемінде аяқтауға тиісті аймақтардың тобына жатқызылды. Үкімет ұжымдастыру науқанын іске асыру барысында отырықшыландыруға көшіру бағдарламасына ерекше көңіл бөлді. Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарды отырықшылыққа көшіру – елдің экономикалық құрылымы мен аудандастыруды мамандандыруды өзгертуге әсері болады деп болжанды. Алайда бұл болжамдар іс жүзіндегі шындықтан әлдеқайда алшақ жатты.

Ш.И. Голощекин басқарған өлке басшылығы ұжымдастыру процесін жеделдете отырып, қазақтарды күштеп отырықшыландыру және ауқатты шаруаларды «кулактарды тәркілеумен» қабаттастыра жүргізілді. Әрине, бұл зорлық әрекеттер жағдайы ауырлап кеткен шаруалар арасында наразылықтар туғызып, кей жерлерде көтерілістерге алып келді.

Мақала авторлары Батыс Қазақстан облысының Жаңақала және Жымпиты аудандарында орын алған шаруалар көтерілісінің себебін, барысы мен қортындысын ашып көрсетеді.

**Тірек сөздер:** астық дайындау, ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру, ашаршылық, көтеріліс, көшіп кету, қатаң қуғын-сүргін шаралары.

*Т. З. Рысбеков<sup>1\*</sup>, С. Т. Рысбекова<sup>2</sup>, Б. Г. Шынтемирова<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> доктор исторических наук, профессор, почетный академик Национальной Академии Наук Республики Казахстан, Западно-Казахстанский университет им.М. Утемисова,*

*E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru*

*<sup>2</sup> доктор исторических наук, и.о. профессора, Западно-Казахстанский Инновационно-Технологический университет, E-mail: Saltanat.Rysbekova@mail.ru*

*<sup>3</sup> доктор исторических наук, профессор, Западно-Казахстанский Инновационно-Технологический университет, E-mail: ansar\_2004mail.ru*

## **ВОССТАНИЯ ПРОТИВ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (30-Е ГОДЫ XX ВЕКА)**

### *Аннотация*

20-30 годы XX века являются одними из самых трагических в истории Казахстана. Эта ситуация была вызвана кризисом в период хлебозаготовок в стране, уменьшением посевных площадей и коллективизационной кампанией.

Казахстан по воле сталинской системы административно-командного управления был отнесен к группе регионов, которые должны были завершить кампанию большую часть коллективизации сельского хозяйства весной 1932 года, за исключением кочевых и полукочевых районов. В ходе

реализации кампании коллективизации правительство уделило особое внимание программе переселения на оседание. Предполагалось, что переселение кочевых и полукочевых сел на оседание будет иметь влияние на изменение экономической структуры страны и специализации районирования. Однако эти предположения были далеко от фактической реальности.

Под руководством Ш.И.Голощекина руководство власти ускорило процесс коллективизации, в сочетании с насильственным оседанием казахов проводилась «конфискация кулаков» зажиточных крестьян. Конечно, эти насильственные действия вызвали протесты среди обездоленных крестьян и привели к восстаниям в некоторых регионах. Авторы статьи раскрывают причины, ход и итоги крестьянского восстания в Жангалинском и Жымпитынском районах Западно-Казахстанской области.

**Ключевые слова:** заготовка зерна, коллективизация, переселение на оседание, голод, восстание, эмиграция, жесткие меры репрессий.

*T. Z. Rysbekov\*<sup>1</sup>, S. T. Rysbekova<sup>2</sup>, B. G. Shyntemirova<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, a professor, honorary academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, West Kazakhstan University named after M. Utemisov,*

*E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru*

*<sup>2</sup>Doctor of Historical Sciences, an acting professor, West Kazakhstan Innovative Technological University, Saltanat.Rysbekova@mail.ru*

*<sup>3</sup>Doctor of historical sciences, a professor, West Kazakhstan Innovative Technological University, E-mail: ansar\_2004@mail.ru*

## **ANTI-COLLECTIVIZATION UPRISINGS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (30S OF THE XX CENTURY)**

### *Abstract*

The 20th and 30s of the XX century are one of the most tragic periods in the history of Kazakhstan. This situation was caused by the country's grain production crisis, a decrease in arable land, and a campaign of collectivization.

By the will of the Stalinist administrative-command system of government, Kazakhstan was classified as a group of regions that, in addition to nomadic and semi-nomadic areas, should have completed the campaign of collectivization of agriculture mainly in the spring of 1932. During the implementation of the collectivization campaign, the government paid particular attention to the resettlement transition program. It was assumed that the resettlement of nomadic and semi-nomadic villages would change the country's economic structure and the specialization of zoning. However, these assumptions lay far from the actual reality.

The leadership of the region, headed by Sh.I. Goloshchekin was carried out, accelerating the collectivization process, overlapping with the forced resettlement of Kazakhs and the "confiscation of kulaks" of wealthy peasants. Of course, these violent actions caused protests among the peasants, whose situation was aggravated and, in some places, led to uprisings.

The article's authors reveal the causes, course, and results of peasant uprisings in the Zhangala and Zhimpity districts of the West Kazakhstan region.

**Keywords:** grain preparation, collectivization, resettlement, famine, uprising, emigration, harsh repressive measures.

**Кіріспе.** Қазақ даласында орын алған 30 жылдардың басындағы ауыртпашылық азамат соғысы жылдарынан, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінен басталды десек қателеспейміз. Қазан революциясынан кейінгі кезеңде орын алған содыр саясаттың нәтижесінде революция жеңістерін баянды етеміз, оны дүниежүзілік сипатқа енгіземіз, майданды материалдық жағынан қамтамасыз етеміз деген желеумен елде төтенше жағдай жариялап, азық-түлік салығын енгізді. Майданға мал мен азық-түлікті жөнелту барынша кең көлемде сипат алды. Бұл мал басының күрт қысқаруына әкеліп соқтырды. Мәселен, 1917 ж. 30 млн-ға жуық мал басынан 1921 жылы небәрі 6,2 млн. қалды [1, 56].

Қазақ АССР Халкомының төрағасы Ораз Исаевтың И.Сталинге жазған хатында елдегі мал шаруашылығының қиын жағдайы көрсетіледі. Егер 1929 жылы Қазақстанда 40 млн бас мал болған болса, оның 2 млн-ы совхоздарда, ал 4 млн-ы колхоздар мен жеке секторда қалғанын, олардың басым бөлігі орыс аудандарында еді [2, б.293].

Мал шаруашылығына жартылай бос мал шаруашылығы аудандарын әкімшілік жолмен «егіншілік» аудандарына айналдыру кері әсер етті. Ауқаттылардың өз малдарын жоюы, осыған кедейлер мен орташаларды айдап салуы да елеулі маңызға ие болды.

Қазақстан экономикасы ұжымдастыру қарсаңында үш негізгі саладан тұрды: мал шаруашылығы (64,5% құрады), егіншілік (29%), өнеркәсіп (6,5%) [3, б.3].

«Сталиндік тап күресінің өршуі» туралы теориясымағының көшпелі қазақ қоғамына қолдануының да теріс әсері болды.

Бұл кесепатқа Қазақ Өлкелік Комитетін 1925-33 жж. аралығында басқарған, іс жүзінде осы мезгілде Қазақстанның жеке дара әміршілікке айналған Шая Ицкович /Филипп Исаевич/ Голощекиннің ұстаған саяси бағыты тікелей алып келгендігін баса көрсету керек.

Коллективтендіру жылдарында қазақтарды жаппай отырықшылыққа көшірудің салдарынан, малдың азайып кетуі, астықтың шықпай қалуы және тұрмыстағы басқа да қауырт өзгерістер ала бөтен азық-түлік тапшылығына алып келді.

Елде орын алған аштық пен содан туындаған қиындықтар адамдардың наразылық көңіл-күйлеріне себепші болды. Азық-түлік үлесімен қамтамасыз етілмеген орташалар мен кедейлердің наразылық көңіл-күйлері жаппай толқулар мен көтерілістерге айналды. Жаппай колхоздан шығу, көрші жерлерге көшу үрдісі өсті.

Қазақстан басшылығының жоғарғы және төменгі деңгейіндегі саяси қателігі қазақ халқының ең үлкен бақытсыздығының негізі болды.

### **Зерттеу әдістері.**

Жұмысты дайындау барысында тарихнамалық әдебиеттер мен дереккөздердің кең ауқымы пайдаланылды. Мәселенің тарихнамасына соңғы кезде жарық көрген әдебиеттер мен архивтік құжаттар кірді. Қарастырып отырған мәселені бұрынырақта шыққан әдебиеттерді [4] жаңаша көзқараспен ой елегінен өткізе отырып, соңғы жылдары шыққан еңбектермен салыстыру арқылы ғылыми айналымға жаңа деректерді енгізу әрекеті жасалды. Соңғы жылдарда жарық көрген әдебиеттерден З. Ижановтың [5], М. Рысдәулеттің [6], Б. Әбдіғалиұлының жауапты редакторлығымен басылып шыққан 5 томдық «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. документов. т.1 [7], т.2 [8], т.3 [2], т.4 [3], т.5 [9] жинағын ерекше атауға болады.

Ұжымдастыру және оның халыққа алып келген зардаптары мен салдарына байланысты соңғы жылдары шыққан әдебиеттер қатарына «Степная трагедия: «Адайское восстание 1929-1931 гг.» [10], «XX ғасырдың 20-50 жылдарына қатысты Батыс Қазақстан облысы бойынша архив құжаттарының жинағы (Орал, Бөкей губерниясындағы ашаршылық, халық көтерілістері, Алаш, күштеп көшірілгендерге қатысты құжаттар)», Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1921-1922 жж.)». Батыс Қазақстан облыстық архив құжаттарының жинағы. Ұжымдық еңбек [11], Ж. Сафулиннің [12], Е.Хайдаровтың [13] еңбектерін жатқызуға болады.

Бұл еңбектер мен дереккөздердің талдамалы шолулары қазақ ауылдарының құрылымдық құрамдас бөліктері, оның әлеуметтік қабаттары («бұрынғы» байлар, ру басылары) қалай құлай бастағанын көрсетеді. Айта кететін жағдай – әлеуметтік қабат өкілдері көшпелі қазақ арасында тек өзінің байлығымен ғана емес, сонымен қатар білімімен, қамқорлығымен және қайырымдылығымен лайықты беделге ие болды. Кеңестік үкімет әртүрлі қуғын-сүргін әрекеттеріне сүйене отырып, көшпелі ауылдың шаруашылық байланыстарын үзді, отбасылық сабақтастықты, ұрпақ жадын жойды. Қазақ байлары үшін қорқыныштысы тәркілеу емес, көшіру, ру жерімен байланыстың жойылуы болды.

Мақаланы дайындау барысында Батыс Қазақстан облыстық архивінің және облыстық Ұлттық қауіпсіздік Комитетіндегі құжаттардың ұжымдастыру жылдарындағы қазақ шаруаларының басынан кешірген қасіретін ашық көрсетудегі орны ерекше.

Мақаланың объектісі мен мәнін, тарихи маңыздылығын ашып берудің тәсілдері айқындалып, теориялық және эмпирикалық танымдық деңгейі қарастырылды. Мақала жазу барысында талдау, синтез, жалпы қорытындылау және дедукциялау әдістері пайдаланылды.

### **Талқылау.**

Қазақстан сталиндік басшылықтың арқасында ұжымдастыру мәселесін, негізінен, 1932 жылдың көктемінде аяқтауға тиісті аймақтарға қосылды. Алайда Ш.И. Голощекин басқарған жергілікті өкімет бұл мәселені жылдамдатты. Жәй жылдамдатып қойған жоқ, қазақтарды күштеп отырықшыландырды және ауқатты шаруаларды тәркілеумен қатар жүргізілді.

Көптеген жағдайларда ұжымшардағы қоғамдастыруға тек малдар мен ауыл шаруашылық құралдары ғана емес, сонымен қатар құстар, тіпті жеке мүліктері де ұшырады. Колхоздарда тұқым қорымен қоса барлық астықтары, ал мал шаруашылық аудандарында бұларға қоса астық өткізу

міндеттелді. Бұл міндеттерді орындау үшін қазақтар малдарын астыққа айырбастауға мәжбүр болды. Малдарды жаппай союға алып келген ет және жүн дайындау науқаны кең мөлшерде жүргізілді. Ұжымдастыру және тәркілеу қатаң қуғын-сүргін шараларымен сүйемелденді. 1922-1933 жылдар аралығында өкіметке қарсылық білдіріп, астық пен ет дайындауды жасырған әрекеттері үшін 33 мыңнан астам адам жазаға тартылды [14, б.85].

Орал округының Талов ауданы 19 ауылдық кеңесті біріктіреді. 9226 шаруашылық, 37950 адам тұрады. Көктемгі егіс алқабы 21950 га жерді алып жатыр. Ауданның шаруашылық бағыты, негізінен, мал шаруашылығы – қосалқы егіншілік болып табылады. Жыртылатын жер мөлшері 223151 га, яғни шамамен 25,4%. Жайылым жерлер – 510405,1 га, яғни 55,8%. Шабындық жерлер – 54859,2 га, немесе 6%. Қолайсыз жерлер – 115905 га, болмаса 12,8%.

Аудан басшылығы шаруашылық-саяси шаралар өткізуде (күздік бидай егу жоспарының орындалуы; шабындық, ет, астық дайындау; ауыл шаруашылық салықтарын жинау; займ тарату; жүн дайындау, т.б.) көптеген қателіктерге жол берді:

Олар, біріншіден, колхоздарды қайта құру кезінде жер берілмеді. Бұл жағдай көшіп кету үрдісіне алып келді; екіншіден, жалған егістік егуге жол берілді; үшіншіден, ауыл шаруашылық зиянкестерімен (шегіртке, саршұнақ) күрес жүргізбеді; төртіншіден, астық-жем балансын жасау мен эксперттік комиссиялардың құрамын тексеруде өтірік айтты; бесіншіден, кулактарға көктемгі егіс жоспары берілгенмен, шын мәнісіндегі орындалуы тексерілмеді; алтыншыдан, колхоздарды ұйымдастыруда рулық принципке жол берілді [8, б.620-621].

Жымпиты ауданындағы жағдай жөніндегі арнайы хабарда мынандай фактілер кездеседі: аудан бойынша ашаршылық жағдайын басынан кешіріп отырған 1047 шаруашылықта (19 ауылда) 3554 адам. Аудан бойынша әр шаруашылыққа 24 кг-нан беріледі. Бұл азық-түлік көмегі жеткіліксіз. Ішінара тексеру бойынша аудан бойынша жаппай құрқұлақ (цинга), іш сүзегі аурулары және өлім көп екені анықталды. Басты себебі – жүйелі түрде дұрыс тамақтанбаудың салдарынан әбден әлсіреу еді.

Бұл жағдайдың орын алуындағы жалпы кемшілік – кейбір ауыл советтердің үлестіру тізімдемелерін (ведомость) ұқыпты ұсынуы, сондай-ақ аудандық ұйымдардың шын мұқтаждарға бөлуді бақыламауы еді.

Ауданның кейбір ауылдарында: Ханкөл, Шалды, Голощекин, Маркс тұрғындардың жағдайы өте ауыр болды. Бұл ауылдар жаппай аштықта еді. Шалды ауылында аштар мен ісініп кеткендер бар. 1932 жылдың 1 қазанынан 1933 жылдың наурызының арасында 44 адам аштықтан өлді. Олардың 23-і қайтып оралғандар және 21-і ауыл тұрғындары еді. Ауылдың аулсоветінің төрағасы Бергенов, партия ұйымының хатшысы Қожахметов және бұрынғы колхоз бастығы Нурузов 371 кг азық-түлік көмегін талан-таражға салған.

Голощекин ауылында қайта оралғандар 35 шаруашылықта 98 адам бар. Оның барлығы да жаппай аштықта. Ауылдағыларға бөлінген азық-түлік те орынсыз талан-таражға түскен. Мұндай фактілер жоғарыда аталған ауылдарда көптеп орын алған. Азық-түлікті талан-таражға салғандары үшін 14 адам қылмыстық жауапқа тартылды [2, б.508-509].

Жағдай тек аудандар мен ауылдық жерлерде ғана емес қаланың өзінде де өте күрделі болды. Орал қаласында жұмысшылар мен қызметкерлердің кейбір санаттары азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тасталуына байланысты олардың көңіл-күйлері күрделі болып, кеңестік үкіметке риза еместігін білдіріп ереуілдерге шығуда. Мәселен, Орал облыстық ауруханасының қызметкерлер құрамы азық-түлік беруді тоқтату негізінде жұмыстан бас тартты. Қуат стансасының жұмысшысы Копылов «Орын алып отырған тәртіп ешкімге ұнамайды, бұндай социализммен бұтыңдағы дамбалсыз қаласың» десе, жұмысшы Божанов «Тәртіп жоқ, кішігірім жеңілдік алған жұмысшыларды азық-түлік алудан айырып отыр, ал жоғары жалақы алушы жауапты қызметкерлерге жабық асхана ашып, тауықпен және тораймен тамақтандыруда» [8, б.832].

Ашаршылықпен және оның қабаттасып келген жұқпалы аурулармен қатар орын алып отырған жағдайға байланысты қазақтар өздерінің ата қонысынан көрші ауылдарға, аудандарға, қала берді шекараның арғы бетіне жаппай көшу әрекеті орын ала бастады. Мәселен, Жымпиты ауданының кейбір ауылдарында көшіп кету үрдісі пайда болды. Мысалы, Сикүл ауылында 6 шаруашылық, Соналыда 2 шаруашылық, Қоздығары ауылдарында осындай жағдай орын алды. Олар Қаратөбе ауданына көшіп, онда да ешқандай көмек көрмеген соң кері қайтты. Облыстан барған өлкелік уәкілдер Ащысай, Сасықкөл, Қараоба және басқа ауылдарда жағдайдың қиын екендігін баяндады. Мәселен Ащысайда 1933 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта 14 адамның қайтыс болғанын, көптеген адамдардың өлім алдындағы қалде жатқанын және құрқұлақ (цинга), іш сүзегі, тұмау, безгек, туберкулез ауруларының орын алып отырғанын көрсетіледі.

Бұл жағдайда тек астық өнімдерінің көмегінің тиімділігі төмен екендігі атап өтілді. Дәрігерлер тарапынан аурулар мен әбден әлсірегендерге балықтың майын, қышқылдар сығындысын (экстракт), сондай-ақ тұздалған балық, көкөністер беру ұсынылды. Алайда мүмкіндіктердің болмауына байланысты аудандық ұйымдар азық-түлік көмегінен басқа ештеңе де жасай алмады [15, п.19].

1930 жылдың 15 қарашасына дейінгі аралықта Орал округында 10 мыңдай шаруашылық, оның ішінде 60% дейін орташалар мен кедейлер бар, басқа округтерге көшіп кетті. Бұл жағдай, әсіресе, Қаратөбе, Талов, Лбішін, Шалқар аудандарында орын алды [16, б.333].

Жалпы, ІІІ ОГПУ-дің ҚАССР Халкомы О. Исаевқа жолдаған арнайы мәліметінде облыс бойынша азық-түлік жағдайының қиындығы мен егіннің нашар шығу салдарынан жаппай көшу байқалатыны көрсетілді. 1933 жылғы астық жинау науқанының басынан бастап 5 ауданнан 531 шаруашылық, соның ішінде Оралдан 159, Теплйдан – 35, Таловтан – 168, Лбішіннен – 32, Тайпақтан 137 шаруашылық көшіп кетті.

Шыңғырлау ауданынан Украинаға 5 шаруашылық көшіп кетті. Ашаршылықпен байланысты қиындықтарды тонаушылық әрекетпен айналысушылар да өз пайдасына пайдаланып отырды. Мәселен, Жәнібек ауданында 3 адамнан тұратын осындай топ астық тиеген астық арбалы керуенін тонап, ілесушілерді байлап кеткен [2, б.680-681].

Қысқасы, ұжымдастыру науқанының барысында асыра сілтеушілік пен заңсыздықтар орын алды. Мемлекеттік қамқорлық деген сылтаумен зорлық-зомбылық жасалды.

1932 жылға қарай Орал губерниясында ұжымдастырылған шаруашылықтар 70%, Жымпиты ауданында 80%, ал Жәнібекте 95% жетті [17, б.113].

Ұжымдастыру науқанының барысында орын алған қасыреттің барлығы аштыққа, ауруға душар болған халықтың арасында қарулы қақтығысқа алып барған көтерілістерді туғызды.

Батыс Қазақстан облысында орын алған көтерілістердің ішіндегі ірілері Жаңақала [18] және Жымпиты [13] аудандарында өтті. Облыс орталығындағы архивтердегі осы мәселеге қатысты материалдарды қарап тексерудің нәтижесінде бұл көтерілістің шығуына мына жағдайлар өз септігін тигізгенін анықтадық.

1) Жаңақала ауданында жүргізілген 1930 жылғы қыс кезінде және көктемде астық дайындауды ұжымдастыруда, егіс екпейтін шаруашылықтарда ауыл кедейлеріне, ұжымдастыру қорын ұжымдастыруда әкімшілік әдіспен ұжымдастыру, мемлекетке ет дайындауда жоспардың өрескел, шектен тыс өсірілуі секілді асыра сілтеушіліктерге жол беріледі.

2) Егін егетін солтүстік ауылдарда барлық егіс көлемі колхоз меншігінде болды және ол жерден өнім өте аз алынды. Мәселен, 1930 жылы №14 ауылда әрбір гектар егістік жерден 4 пұттан өнім алса, ал №13 ауылда әрбір гектар егістік жерден 1 пұт 100 гр. өнім алынған.

3) Астық тапсыру жоспарын орындау мақсатында жергілікті өкімет органдары егін сеппейтін ауылдарға қыстың ішінде әр пұт астық үшін бір ірі қара мал тапсыруды міндеттесе, оның ішінде ауқатты, бай адамдарға бұл міндетті қысқа мерзімде орындау тапсырылды.

4) Осы ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсырылғандарды колхоз басшылығы астық; шай, шекер және басқа өнеркәсіп тауарлармен қамтамасыз етуді міндетіне алып, уәде бергенмен оны орындамаған. Тіпті өнімін уақытынан бұрын тапсырғандар үшін ақшалай-заттай сыйлық бермекші болған. Ол ақша кейбір жерлерде 1932 жылдың наурыз айына дейін төленбеген.

5) Малды қоғамдастыру күшпен жүргізілді, тіпті кейбір ауылдарда(колхоздарда) малын ауласынан күшпен тартып алатын арнайы бригадалардың ұжымдастырылуы, мемлекетке етке мал тапсырғаны үшін жүргізілетін есеп-қисап, үлкен олқылықтың орын алуы.

6) Өз мүмкіндіктерінен айырылғысы келмеген ауқаттылардың үгіт-насихат жұмысы.

Жаңақала ауданында 1930 жылдың сәуірінде №24 ауылдың бай, атқамінерлері Шамсутдинов Шотқара, Қарашиев Затек, Жаналиев Сұлтанғали, Жаналиев Мұқаналы, Еділбаев Тоқбар, Ахметов Меңдіғали, Ахметов Мардан, Сисенов Салмен, Қуанғалиев Тоқжан, Ақпейсов Талап, Қарақұлов Исмағамбет, Тасқарин Тасмағамбет және тағы басқа барлығы 150 адам «Шағыл-Мұрат» деген жерде жиын өткізген. Сөйтіп онда ұжымдастыруға және мал дайындауға наразылықтарын білдіріп, жиыннан қайтқан беттерінде №24 ауылдық кеңесінің хатшысы Сұлтановтың үйіне келген, онда хатшыны және онымен бірге отырған осы ауылдық кеңестің және №24 ауылдық кеңесінің төрағасы Құбиев пен Шариповты бірнеше адам жабылып ұрып соғады. Ақыры оларды қамауда ұстап, ертеңіне таңертең 300 адам жиналған жерде бір-ақ босатады. Осы арада жалпы жиналып шақырып, малдарын таратып берулерін және өздерінің колхоздан шығатындықтарын мәлімдейді.

Мұндай жағдай осы кезде №1 ауылда болады. Қодаров Жұмағали, Дүйсекенов Қойбағар және Елеусинов Бекмұханның ұжымдастыруымен барлық малды алғанмен, орнына ешқандай тауар бермей, өздерін алдап отырғанын айтады. Сондықтан Жаңақала поселкесіне өздерінің колхоздан

шығатындықтарын жеткізуге (Исакаев Дәулет, Молдағалиев Тілеш) екі адам делегация аттандырады. Оларды аудан орталығында дереу қамауға алыпты. Қапиев Мұқанбетқали, Қодаров Жұмағали және тағы басқалардың бастауымен 200 адам ертеңіне барып, Жаңақаладағы қамалғандарды қарулы милиционерлерден күштеп босатып алады. Нәтижесінде бұл колхоздан шығушылар көбейіп, колхоз ыдырап кетеді [18, б.79-80].

10 ақпан 1931 ж. Бекболатовтың үйіне жиналған 60 шақты №1 ауылдың азаматтары жиналып, төраға Хайруллинді шақырып алды. Олар мал өткізуден бас тартатыны жөнінде хаттама толтыруды талап етті. Себебі олар өткізген еттері үшін өнеркәсіп тауарларын, ұн және ақша алмайтынын айтты. Төраға хаттама толтырудан бас тартты. 12 ақпанда ауыл адамдары өз талаптарын тиянақтады, бірақ тиісті түсініктеме ала-алмай тарап кетеді. Ауылға аудандық уәкіл келеді. Ол келгенге дейін №1 ауыл азаматтарының талаптары №18, 11, 4, 5 ауылдарға жеткізілді. Оларда ет тапсырудан бас тартады. 17 ақпанда Балтабек, Төкен, Қаратөбе ауылдарының шамамен 100 адамнан асатын азаматтары Жүнісов Қарабаланың үйіне, содан кейін Көшімов Иманғалидың үйіне ауысады. Осы үйді өздерінің штабы деп санайды. Олар күндіз жиналып, түнге қарай қарауыл ретінде 15-20 адамды қалдырып отырады.

ІІІ ОГПУ-дің Гурьев оперсекторының хабарлауынша бұл жағдайларды байлар Құрманов Құрақ, Кесин Шәкір, Черкебаев Сұлтанғали, Жаналиев Тоқжан, Тасқарина Әсима және Тасмұхамбеттер басқарды. Жиналғандардың басты талаптары: шұғыл түрде өнеркәсіп тауарларымен жабдықтау, ет өткізушілерді ұнмен қамтамасыз ету, байларға бақылау сандарын жүктемеу, барлық мәселелерді ауыл адамдарының қатысуымен шешу. Олар аудан уәкілдеріне өз адамдарын жіберуден бас тартты. Жиналыс жинауды, онсыз сөйлесуден бас тартатындарын жеткізді. 24 ақпанда аудан комитеті келіссөз орнына аудандық атқару комитетінің төрағасы Джанубалиевті жіберді. Сонымен қатар аудандық партия комитетіне жергілікті жердегі бұрмалаушылықтарды анықтау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін беделді қызметкерлерден комиссия жіберуді ұсынды [8, б.776-778].

Ақпан айының аяғында Тауберат ауылында жергілікті жерде мал дайындауға наразы болған Шадыров Сұлтанғали, Сариев Жұбат, Смаков Камереждин, Мухамедяров, т.б. ұйымдастыруымен 50-60 адам бас қосқан көтерілісшілер штабы құрылады, осы Тауберет ауылдық кеңесінің келесі бір ауылында да осындай 20 адамнан тұратын көтерілісшілер штабын құрады. Бұлар №24 ауылдағы көтерілісшілер штабымен байланыс орнатып, ауыл-ауылды аралап қару жинастыру ісін қолға алады. Осы кезде бұлармен қатарлас №6 ауылда да бай Ағасов Бекжанның басшылығымен Нарыш Мұрташев, Қуанышев Бақтыгүл, Жамешов Шағырбай және т.б. қаруланып, №6 ауылдық кеңесі Бимен ауылында 50 адамнан көтерілісшілер штабын құрады. Осында келген Орал оперативті секторының Орда аудандық бөлімі отрядымен бірнеше сағат ұрыс жүргізіп, сәтсіздікке ұшыраған Арисовтың тобы Тауберет ауылындағы көтерілісшілер штабына келіп қосылады, бірақ ертеңіне Орал оперативті секторының біріккен отрядын басқарып келген Болдыревтың күшіне қарсы болған ұрыста бірнеше көтерілісші өледі. Қалғандары қолға түсіп, Тауберет ауылындағы штаб талқандалады.

№4 ауылда Даулетқалиев Қобыланның басшылығымен 40 адам 1931 жылдың 15 наурызында Жаутөбе мал дайындау орнына шабуыл жасап, 27 ірі қара, 3 жылқы, 14 түйені айдап әкетеді. Сөйтіп оларды штабтағы 200 көтерілісшінің керегіне жаратады және осы шабуыл кезінде №4 ауылдық кеңестің төрағасы мен хатшысын бірге ала кетеді, бұл ауылдағы көтерілісшілер штабының басшылығы Гурьев округінің Айбас ауылындағы және Ілбішін ауданының №7 ауылындағы, Жаңақала ауданының №4 ауылдық кеңестің төрағасы мен хатшысын бірге ала кетеді, бұл ауылдағы көтерілісшілер штабының басшылығы Гурьев округының Айбас ауылындағы және Ілбішін ауданының №7 ауылындағы, Жаңақала ауданындағы №11 ауылындағы көтерілісшілермен байланыс орнатып, бірлесіп қимыл жасамақшы болған екен. Алайда 21 наурызда ауылға келген Орал оперативті секторының отряды көтерілісшілердің штабын жойып, басшыларын тұтқындайды.

21 наурызда Жаңақала ауданының №1 ауылында Үрекенов Дорбай, Оразбаев Байғожа, Жантөрин Қабдеш және т.б. көтерілісшілер штабын құрады. 23 наурызда 250 адам қаруланып, Буденный колхозына шабуыл жасап, 53 жылқы, колхоз басқармасының төрағасын және Талов ауданындағы «Кедей» колхозынан 4 ірі қара, 3 түйе, 23 жылқыны айдап әкетеді. Бұл малдарды да көтерілісшілер өз керегіне жаратады. Алайда 24 наурызда ауылға келген Орал оперативті секторының отряды көтеріліс басшыларын тұтқынға алады.

1931 жылғы көктемде Жаңақала ауданын түгел дерлік қамтыған қарулы көтеріліс осылай аяқталады. Оперативті отрядпен болған ұрыстарда көтерілісшілер жағынан бірнеше адам қаза болған. Ал отрядтардағы адам шығыны жөніндегі деректерді архивтік материалдардан кездестіре алмадық.

Сөйтіп, осындай орын алған оқиғаларға байланысты барлығы 360 адам тұтқындалып, олардың үстінен қылмыстық іс қозғалады. Тергеу барысында 160 адам қылмысы анықталмай босатылады. ОГПУ жанындағы үштіктің қаулысымен (Қазақстандағы) 1932 жылы 25 ақпанда 129 адам 58-2, 58-08, 58-10 статьялары (УК РСФСР) бойынша әр түрлі мерзімге концлагерге айдалады [18, б.81-82].

Жымпиты ауданындағы көтерілістің негізгі себептері басқа аудандардағы жағдаймен сәйкес болды. Тек мерзімі жағынан ертерек еді. 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу, артық астықты үкіметке тапсыру, астық дайындау науқанындағы келеңсіздіктерге байланысты кеңес өкіметіне наразылықтарын білдіре бастады. Бұл наразылықтарды Батыс Алаш көсемдерінің бірі Жаншаның бауыры Ғаббас Досмұхамедов және Хұсайын Әділов басқарды. Олар жасырын мәжілістер өткізіп, үкіметке артық астық пен ат-көлік беруден бас тартып, тіпті жайылым және шабындық жерлерді өртеуге дейін барған.

Билік өкіметінің жеделхатында ОПТУ-дің Орал бөлімінің бастығына. 1929 жылдың 19 маусымдағы Жымпиты ауданының №15, 19 ауылдарының байлары Досмұхамбетов Ғаббас, Әбілғазиев Есқали, Бекетов Тілеуқайыр, Рамазанов Оспанғали, Әділов Хұсайын және басқалары ауыл адамдарын ұйымдастырып астық дайындау кезінде жасырын жиналыс өткізіп, мемлекетке астық тапсырмау жөнінде келісім жасап, кеңес үкіметіне қарсылық жасаған.

ОПТУ-дің Жымпиты ауданы бойынша өкілі Гаврилов деп көрсетілген [19, б.128, 181].

1929 жылы 14 маусымда ОГПУ-дың Орал округтық бөлімінің Жымпиты ауданы бойынша жауапты уәкілі Гаврилов №15 ауылдың байлары мен атқармiнерлерiнiң әрекеттерiне қатысты арыз-шағымдарды қарап, кiнәлiлердi жауапқа тарту үшiн алдын ала тергеу амалдарын жүргiзудiң қажеттiгi жөнiнде қаулы қабылдаған.

Көтеріліс ошақтары тек 15 ауылда ғана емес (басшылары Ғ. Досмұхамедов және Х. Әділов), №20 ауылда (А. Тауышев), №17 (А. Қабышев), №18 (Ж. Ақболатов), №24 (Е. Аманкелеев), №13 (Т. Есболатов), 6 және 11 ауылдарда (Ә. Қожамжаров) да орын алды. Көтеріліс басшылары мен қатысушылары 1929 жылдың 26 маусымынан бастап тұтқынға алына бастады. 1930 жылы 15 наурызда ОГПУ-дың саяси өкілдігінің жанындағы үштіктің шешімімен 5 адам (Досмұхамедов Ғ., Абылғазиев И., Балатов Т., Рамазанов У. және Әділов Х.) ату жазасына, Қарашулаков И. – 10 жыл мерзімге концлагерге, Майданов Х. – 5 жылға, Искалиев У., Жакупов Б., Темырханов М., Суханов Д., Жамбергенов Б. – 3 жылға, Еламанова М. – Сібірге жер аударылса, Сухамберлиев С., - жанұясымен Ақмола округіне жер аударылды. Кабаков З. – тергеуде болған кезі есепке алынып, қамаудан босатылды. 1930 жылы 25 қаңтарда көтеріліске қатысқан тағы да 36 адам жөнінде үкім шықты. Ол бойынша 36-ы ату жазасына кесілді.

Тағы да бір үкім бойынша А. Тілеқұлов, Л. Идрисов, Ж. Мұхамедсариев, С. Даулеталиев Қарқаралы қаласына еңбекпен түзеу лагеріне, Е. Бурамбаев, Х. Қазмағамбетов, Н. Баймұхамедов – Петропавл округіне жер аударылды, ал Ә. Әжімбеков, Х. Мирғалиев, К. Султанғалиев, А. Даулеталиев, Н.Байжасов мерзімінен бұрын жазадан босатылды [20, б.55-58].

Жалпы, қазақ тарихында халықтың басынан кешірген кезеңдері көп. Ұлт жадынан өшіруге болмайтын сондай кезеңдердің бірі – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық зобалаңы екенін естен шығармауға тиістіміз. Бұл – бабалар рухына тағзым болып табылады. Екіншіден, бұл – большевиктік биліктің қазақ халқына қарсы саяси, ұлттық, этникалық негізде жасаған қызыл терроры, геноциді. Сондықтан да саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін халық білуі тиіс деген мақсатта архив құжаттары негізінде белгілі болған Жаңақала көтерілісіне қатысушылардың аты-жөндерін, жасын толықтай беруді жөн көрдік:

Абишев Нурым, 40 жас  
Абишев Кошқар, 44  
Аубакиров Кошқар, 70  
Абишев Калимола, 36  
Азмуханбетов Сундет, 64  
Амирев Кулбай, 27  
Агисов Бекжан, 37  
Айдашев Бисен, 49  
Аймағамбетов Булак, 27  
Алдабергенов Ибран  
Ахмедияров Хайролла, 42  
Агисов Жактума, 46  
Айшев Бактыгерей, 26

Абишев Сағат, 21  
Азбергенов Телеу, 58  
Абикаиров Сабит, 30  
Азмухамедов Жеден, 31  
Аренов Максот, 55  
Арынгазиев Амирхан, 38  
Айдалиев Габдолла, 70  
Асанов Тлеш, 38  
Аимов Бейсекеш, 22  
Агисов Дуйсенғали, 18  
Ахметов Мухамбетқали, 29  
Ақбаев Мухамбетқали, 29  
Артығалиев Кайрекен, 28

Аташев Калрали, 42  
Ахметов Мардан, 40  
Акбеисов Талап  
Бигалиев Денжан, 48  
Бейсенов Кабден, 31  
Бералиев Кабден, 29  
Бакталиев Сейтжан, 38  
Бокапов Маселим, 19  
Батыров Тажден, 35  
Балмулдин Алим, 23  
Байдалиев Камил, 32  
Бекмурзиев Темирбай, 54  
Биралиев Ишеке, 38  
Бажиков Есенгали, 62  
Бакиров Михаил, 55  
Бексариев Картага, 50  
Бекешев Отеп, 30  
Досалиев Каракул, 63  
Дусекенов Койбагар, 24  
Даутов Сулеймен, 57  
Досжанов Молдакой, 21  
Даулетьяров Досжан, 50

Даулеткалиев Канай, 17  
Донешев Толепкали, 37  
Доскалиев Ахмет, 39  
Даиров Бактыгали, 33  
Даиров Бисен, 38  
Дуйсалиев Онгысар, 38  
Доскалиев Аким, 46  
Есеркепов Буркит, 88  
Есимов Жусипкали, 28  
Естаев Толеген, 25  
Ергалиев Кабиболла, 23  
Ермукашев Танатар,  
Елеуов Батыркожа, 47  
Ерсарип Султангазы, 70  
Ергалиев Хабиболла, 23  
Ескалиев Медеш, 53  
Есенгалиев Мухамбеткали, 31  
Ескалиев Ныгмет, 58  
Жакыпов Замах, 66  
Жексембаев Каумак, 48  
Жалиев Султан, 49  
Жазалиев Иглам, 43  
Жаналиев Мукангали, 30  
Жашолин Жубан, 28  
Жантерин Жубан, 28  
Жубаев Абиш, 61  
Жаналиев Пок, 38  
Жананов Есенгали, 30  
Жаксыбаев Амангали, 58  
Жуанбаев Матен, 44  
Жанторин Кабдеш, 46  
Жалмаганбетов Губайдолла, 44  
Жаналиев Абил, 48  
Жаналиев Губайдолла, 49

Ахметов Мендыгали, 35  
Азаматов Нажим, 31  
Ахметов Кубаш, 44  
Бектибаев Шакет, 26  
Берсенбаев Нургали, 62  
Бегалиев Шабыл, 66  
Бектепов Карагайты, 55  
Бегенов Молдамурат, 38  
Балмулдин Маха, 19  
Бибалин Бокан, 67  
Баяндиев Салмен, 49  
Бекешев Лукпан, 46  
Бегалиев Сары, 58  
Баяжаков Акмедияр, 76  
Балбергенов Ташен, 65  
Балмагамбетов Аймолда, 36  
Бекешев (Бекетов) Бузаин, 55  
Даутов Баймырза, 42  
Досов Агоба, 47  
Досов Токай, 57  
Даулетьяров Борангали, 34  
Даулетьяров Ескаир, 44

Досмуканов Зейнолла, 25  
Доскалиев Нугман, 27  
Даиров Сашигали, 26  
Даиров Мусагали, 54  
Даулетов Мусей, 21  
Даулеткалиев Коблан, 24  
Есекеев Тасмагамбет, 34  
Едилбаев Бактыгали, 17  
Есениязов Хайдар, 20  
Ескалиев Лимгали, 27  
Ермагамбетов Сабыргали, 36  
Едирескалиев Курмет, 27  
Есмагулов Имангали, 45  
Елеуов Рахметолла, 46  
Ескеев Тасмагамбетов, 34  
Ескалиев Кайретден, 25  
Ескалиев Шакен, 48  
Ержанов Байгара, 34  
Жалмагамбетов Тасмагамбет, 65  
Жеткисов (Жеписов) Утеген, 42  
Жазалиев Кенжекей, 36  
Жазалиев Ахмет, 52  
Жаналиев Султангали, 43  
Жакталиев Байгали, 31  
Жамешев Шигарбай, 26  
Жаналиев Кабдир, 42  
Жомартов Кошим, 84  
Жаксыбаев Мукалбеткали, 44  
Жакыпов Кырыкбай, 60  
Жумагулов Халел, 27  
Жуанбаев Камал, 25  
Жаналиев Хайролла, 53  
Жантурин Кистаубай, 58  
Жумабаев Бейсенгали, 28



Жумабаев Размухамбет, 30  
Жангазиев Жубангали, 48  
Жарылгасов Токмет, 67

Жусипов Досымбет, 53  
Жусипов Жубат, 53  
Жусипов Ибат, 27  
Игитанов Елеу, 26  
Исмагулов Имаш, 35  
Ибраев Кайса, 26  
Ибрашев Насиболла, 58  
Имакашев Зайын, 23  
Ихсанов Кунашгар, 35  
Губайдуллин Дуйсенбай, 22  
Габдолов Балекей, 31  
Габдошев Малик, 22  
Газизин Кайыр, 51  
Казбекенов Оразгали, 49  
Кулов Ибраш, 42  
Койшиев Бузаубай, 31  
Кошаков Жангожа, 52  
Китаров Сабыр, 29  
Китаров Балгазы, 34  
Карасаев Кадыр, 32  
Кулмагамбетов Зейнолла, 44  
Купекесов Ташен, 49  
Кушимов Сары, 60  
Кутмаганбетов Темир, 47  
Кабиев Есим, 32  
Улпеисов Нургали, 69  
Каржауов Губайдолла, 23  
Кайпиев Мухамбеткали, 46  
Тапалов Губайдулла, 36  
Косжанов Кошбар, 50  
Кулсариев Казбек, 59  
Казиев Бштан, 36  
Курмашев Курен, 31  
Кулов Амархан, 44  
Кодаров Жумагали, 50  
Куаншалиев Хайролла, 27  
Косжаков Шокпар,

Кажгалиев К., 28  
Курмашев Ибат, 40  
Кудашев Тожан, 19  
Каткапов Газиб, 46  
Кобжасаров Кенжегали, 34  
Кенжип Кисагали, 40  
Карин Орынбай, 52  
Карташов Фома, 56  
Кошумов Дузенбай, 45  
Молдабеков Елжан, 78  
Мусагалиев Сейтказы, 31  
Молдакулов Нагим, 45  
Мендалиев Жумагул, 30  
Муратов Хайрош, 32  
Мурзагалиев Хайрош, 32

Жармагамбетов Ергали, 66  
Жаналиев Суюнгали, 44  
Жолдыгулов Ержан, 58

Жусипов Карабала, 44  
Жусипов Жакаш, 37  
Зейналиев Медекеш, 48  
Ищанов Хамит, 34  
Имаков Казанбек, 45  
Ихласов Тлемис, 61  
Иманбаев Пшу, 42  
Идембаев Токбар, 45  
Имашев Сары, 47  
Гумаров Нагым, 37  
Гумаров Габдолла, 35  
Губайдоллин Кабыш, 32  
Губайдуллин Толебай, 25  
Куандыков Камза, 36  
Кошаков Атаолла, 21  
Кешеков Сейткали, 30  
Коныров Доскали, 32  
Киясов Каздат, 50  
Кудыров Нуры, 29  
Куанышкалиев Кайролла, 27  
Кошимов Абиш, 65  
Кутмаганбетов Иманбай, 41  
Калиев Дыбыс, 43  
Кушербаев Дуйсенгали, 24  
Кабымов Куттыгали  
Казиев Утеген, 46  
Калдыбаев Кожамжар, 80  
Кулбаев Сары, 36  
Куангалиев Еркуат, 29  
Карашиев Зайка, 31  
Куаншалиев Тогжан, 38  
Каракулов Измагамбет, 46  
Калиев Султан  
Кожакоев Беккаир, 45  
Капасов Губайдолла, 36  
Каулин Кали, 53  
Куанышев Бактыгул, 24

Кудаев-Кулаев Базар, 36  
Кусанов Тлеу, 67  
Конысбаев Сундеткали, 44  
Кубаев Ермек, 42  
Кршипов Шимбыл, 58  
Кенжип Камилаш, 45  
Копжасаров Жумабай, 32  
Кенжин Малай, 47  
Лукпанов Керей, 42  
Мусагалиев Есентали, 56  
Мусагалиев Молдагали, 28  
Мухамбеткалиев Амархан, 36  
Мухамбеткалиев Пазыл, 26  
Мухамедьяров Гайсагали, 31  
Мурзагалиев А.

Мухамбеткалиев Хаизолла, 27  
Мурзагалиев Есмагул, 38  
Мухамбетъяров Гайсагали, 31  
Молдашев Идрис, 36  
Мулдашев Даулет, 53  
Мидрисов Семгали, 35  
Минесов Курмангазы, 36  
Медекешов Ибатолла, 19  
Ондаганов Абдолла, 61  
Омаров Лукпан, 35  
Оразбаев Избас, 60  
Нурманов Зейнатла, 44  
Нурумбетов Бактыгерей, 40  
Нысанбаев Куанышбек, 30  
Науанов Кали, 53  
Ногаев Толеш, 38  
Наушиев Саткан, 31  
Нуржанов Жамансары, 56  
Пштанов Елеу, 26  
Рыскалиев Рахмет, 20  
Сарсенов Кошербай, 30  
Сатанов Кабиболла, 27  
Сатиев Жубанья, 33

Сатиев Донубантай, 36  
Сулейменов Бекеш, 32  
Сухандалиев Халет, 53  
Сариев Мукангали, 32  
Сармухамбетов Алыстагали  
Сердбалиев Отеу, 62  
Сесенов Салмен, 35  
Сулейменов Жаксымбет, 32  
Смаков Мухит, 32  
Султанов Толен, 22  
Сулейменов Бисенгали, 20  
Сулейменов Бекет, 38  
Султангалиев Жамушы, 36  
Торкенбаев Бисенгали, 20  
Тлепбергенов Калеш, 45  
Токешов Козыбагар, 60  
Тогаев Рыскали, 29  
Тмышев Куаныш, 46  
Толегенов Айткали, 22  
Туганов Сейсангали, 30  
Тазмагамбетов Салмен, 27  
Ташенов Карим, 28  
Тасмаганбетов Кабеш, 34  
Таскарин Тазмагамбет, 48  
Токешев Ибраш, 43  
Токаев Рыскали, 29  
Хайруллин Кабдыгали, 14  
Хаиров Апат, 16  
Халелов Хайрош, 27  
Шегетаев Абеш, 56  
Шиналиев Мухамеддин, 35  
Шабдаров Алипкали, 32  
Шмалиев Досмагамбет, 66

Мамадалиев Сапаргали, 48  
Мурзагалиев Сунаикул, 46  
Маратов Галман, 55  
Мухамбеткалиев Сапар, 20  
Мынбаев Мырзахмет, 31  
Мукатаев Ескабыл, 34  
Маншиев Хайролла, 20  
Омаров Жалмукан, 67  
Оразымбеков Бораш, 36  
Оразов Курман, 35  
Оразбаев Байкус, 37  
Ныгметов Баймагамбетов, 55  
Нургалиев Айткали, 31  
Нугманов Мырзам, 30  
Нурушев Зайдул, 36  
Нугманов Мана, 22  
Неталиев Саржан, 34  
Назаров Арухан, 32  
Рыскалиев Каймолда, 20  
Рахметов Молдаш, 26  
Сабыров Кенжегали, 27  
Сейсенов Каир, 31  
Сатиев Губайдолла, 22

Сырымов Кабекен, 18  
Сариев Габдолла, 37  
Сундеткалиев Кадреш, 22  
Султангалиев Кадеш, 32  
Саржаков Сундетгали, 36  
Сундетов Нурмухан, 51  
Сейткалиев Жумагали, 19  
Сагналиев Залеу, 26  
Сариев Жубат, 37  
Султангереев Макан, 43  
Султангалиев Жалыкты, 36  
Султангереев Камал, 43  
Сапаров Тлес, 18  
Текешев Дуйсали, 19  
Такешов Жардемгазы, 30  
Тлепбергенов Кенжалы, 29  
Тогаев Сапар, 49  
Тогаев Жиенгали, 18  
Тоненов Сериккали, 29  
Тулкибалиев Кабдыхаир, 47  
Толепов Бисенгали, 45  
Тасмагамбетов Куангали, 19  
Тугаев Шукир, 45  
Таскарин Асим, 45  
Тналиев Ихангали, 19  
Тасимов Рахим, 78  
Хусаинов Жусупкали, 40  
Хусаинов Алит, 31  
Шитиков Есенияз, 52  
Шокатаев Мукса, 30  
Шадыров Имангали, 33  
Шокатаев Кадыржан, 45  
Шманов Орынгали, 28

Шортабин Ныгмет, 41  
Шарипов Куангали, 16  
Шамсутдинов Шоткара, 31  
Усакаев Даулет, 45  
Обсултанов Каирбек, 30  
Утепбергенов Нурпеис, 42  
[17, б.117-122].

Шарипов Усзакбай, 39  
Шаулаков Умбеткали, 16  
Умбеталиев Сағынай, 19  
Утеулиев Бисенгали, 60  
Отеулиев Умбет, 55  
Утеугалиев Амангали, 19

Жаңақала және Жымпиты көтерілістеріне қатысып, жазықсыз жазаланғандар 1989 және 1998 жылдары ақталды.

#### **Қорытынды.**

Елде орын алған қиындықтар азық-түлік тапшылығына, ашаршылыққа, адам өлімдеріне, колхоздардан қашуға, ауылдан шетке көшіп кетуге, қайыршылыққа алып келіп отырды.

Архив құжаттарын талдай отырып 1931 жылы елімізде мал басының күрт азайғанын көреміз. Колхоз тұрғындарының күн көруінің бейімделу кезеңі малды мертiту түрінде союды актiлеудi, ауыл адамдарын тонау бөтеннiң мүлкі мен азық-түлігін мемлекет қорына өткізуді туғызды.

Жалпы алғанда 30-жылдардың басында орын алған оқиғалар халқымыздың санасында өте ауыр із қалдырды. Әйтсе де осы аштық алқымнан ала бастаған 1931 жылы атқа қонып, жергілікті өкімет органдарына бағынбай, бас көтеруге мәжбүр болған, әділетсіз күштеу жүйесіне ашық наразылық білдірген және көпшілігі осы батыл әрекеттің құрбанына айналған кісілердің есімдері күні бүгінге дейін белгісіз. Шын мәнінде, ешқандай да қылмыс жасамаған, күнкөріс қамы мен тоталитарлық жүйенің әділетсіз қысымына қарсы шыққан абзал азаматтар туралы жалпы жұртшылық, соның ішінде олардың кейінгі ұрпақтарының әлі күнге өз әкелері туралы тарихи шындықты біле алмай отырғандары және анық.

Жазықсыз жапа шегіп, Кеңес өкіметінің «күштеу саясаты» салдарынан жаппай аштыққа ұшыраған қазақ халқының аянышты тағдыры, зұлмат жылдары елі мен жерін тастап кетуге мәжбүр болған қандастарымыздың бастан кешкен тауқыметін бұрын «құпия» болып келген архив құжаттарын тереңірек зерттеу бүгінгі тарих ғылымы мен тарихшылардың алдында тұрған келесі міндет болып табылады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б., *Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980)*. – Алматы: Ғылым, 1991. – 185 с.
2. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сборник документов. т.3.: 1932-1934/ Отв.ред. Б.Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1028 с.
3. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. т.4/ Отв.редактор-составитель Б. Әбдіғалиұлы. Нур-Сұлтан: Фолиант. 2021. – 776 с.
4. Турсунбаев А.Б. *Победа колхозного строя в Казахстане*. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – 323 с.; Дахилейгер Г.Ф. *Марирутом социального прогресса*. Алматы: 1978. - с.; Дахилейгер Г.Ф., Нурпеисов К. *История крестьянства советского Казахстана*. Алматы: Ғылым, 1985, т.1. – 247 с.; Курпеисов К. *Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929 жылдар)*. Алматы: Ғылым, 1972. - б; Тулепбаев Б.А. *Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстане*. Москва: Наука, 1971. – 482 с.; Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы*. Алматы: Санат, 1997. – 320 б. және т.б.
5. Ижанов З. *Тәркілеу қасіреті*. Алматы: Өлке, 2017. – 400 б.
6. Рысдәулет М. *Конфискация*. Тараз: ЖК «Сейдуалиев и Кампания»; 2018. – 355 б.
7. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. т.1. 1928-1929/ Отв.ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021 – 920 с.
8. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. т.2. 1930-1931/ Отв.ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021 – 1240 с.
9. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника: *Куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері/ Жауапты редактор-құрастырушы Б. Әбдіғалиұлы*. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 604 б.
10. *Степная трагедия: Адайское восстание. 1929-1931 гг.* – Алматы: Арыс, 2010. – 448 с.
11. *XX ғасырдың 20-50 жылдарына қатысты Батыс Қазақстан облысы бойынша архив құжаттарының жинағы (Орай, Бөкей губернияларындағы ашаршылық, халық көтерілістері, Алаш, күштеп көтерілгендерге қатысты құжаттар)*. Ұжымдық еңбек. – Астана (орталық офис), 2022. – 350 б.

12. Сафуллин Ж.Н. Батыс Қазақстан облысындағы байларды тәркілеу және жер аудару (1928-1932 жж.). Архив құжаттарының жинағы. – Астана (орталық офис), 2022. – 350 б.
13. Хайдаров Е.Е. Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері (1928-1932 жж.). Монография. – Орал: Дана орталығы; 2022. – 200 б.
14. Рысбеков Т.З. Коллективизация советского хозяйства в Западном Казахстане и ее последствия// Международная научно-практическая конференция «Сатпаевские чтения – 13». – Павлодар, 2013. – с.85-87.
15. Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві (әрі қарай БҚО МА). Ф.850. тізім I. іс 6.
16. Голод в СССР. 1929-1934: В 3 томах. т.1. – июль 1932. – В.2. кн. Кн.1./ Отв.составитель В.В.Кондрашин. – Москва: МФД, 2011 – серия «Россия». XXвек. Документы. – 656 с.
17. Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. Переиздан: 2-е издание. Уральск: Зап.Каз.гос.университет им.М.Утемисова, 2007. – 196 с.
18. Рысбеков Т.З. Тарихи таным және ақиқат: Мақалалар жинағы. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 364 б.
19. Боранқұл А. Азаматтық жолындағы азапты өмір. – Орал: Полиграфсервис, 2019, - 236 б.
20. Хайдаров Ж.Е. Жымпиты көтерілісі // «Жаниа Досмұхамедов және Алаш ұлттық идеясы» тақырыбындағы ХҒТК материалдары. Орал, 2022, б.54-57.

#### Refeneces:

1. Asylbekov M.H., Galiev A.B., Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazahstane (1917-1980). – Almaty: Ğylym, 1991. – 185 s.
2. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnai ahronika. Sbornik dokumentov. t.3.: 1932-1934/ Otv.red. B. Ābdıǵaliūly. – Almaty: Atamūra, 2021. – 1028 s.
3. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnai ahronika. Sb.dok. t.4/ Otv.redaktor-sostavitel B. Ābdıǵaliūly. Nur-Sultan: Foliant. 2021. – 776 s.
4. Tursunbaev A.B. Pobedakolhoznoostroia v Kazahstane. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1957. – 323 s.; Dahşleiger G.F. Marşrutomsotsialnogoprogressa. Almaty: 1978. - s.; Dahşleiger G.F., Nurpeisov K. IstoriakrestianstvvsovetskogoKazahstana. Almaty: Ğylym, 1985, t.1. – 247 s.; Kurpeisov K. QazaqstannynşaruularSovetteri (1917-1929 jyldar). Almaty: Ğylym, 1972. - b; Tulepbaev B.A. Torjestvoleninskihideisotsialisticheskogopreobrazovaniiaselskogohoziaistva a SredneiAziiiKazahstane. Moskva: Nauka, 1971. – 482 s.; Omarbekov T. 20-30 jyldardaǵyQazaqstanqasireti: Kōmekşioquūraly. Almaty: Sanat, 1997. – 320 b. jānet.b.
5. Ijanov Z. Tārkiieuqasireti. – Almaty: Ōlke, 2017. – 400 b.
6. Rysdäulet M. Konfiskatsiia. Taraz: JK «SeidualieviKampaniia»; 2018. – 355 b.
7. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnai ahronika. Sb.dok. t.1. 1928-1929/ Otv.red. B. Ābdıǵaliūly. – Almaty: Atamura, 2021 – 920 s.
8. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnai ahronika. Sb.dok. t.2. 1930-1931/ Otv.red. B. Ābdıǵaliūly. – Almaty: Atamura, 2021 – 1240 s.
9. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnai ahronika: Kuāgerlerestelikteri, aşarşylyqturalyjazyl ğankitap-jinaqtarmaterialdary, kōrkemādebietūzindileri/ Jauaptyredaktor-qūrastyrusy B. Ābdıǵaliūly. – Nūr-Sūltan: Foliant, 2021. – 604 b.
10. Stepnaiatragediia: Adaiskoevosstanie. 1929-1931 gg. – Almaty: Arys, 2010. – 448 s.
11. XX ğasyrdyñ 20-50 jyldaryn aqatysty Batys Qazaqstan oblysy boiynşa arhiv qūjattarynyñ jinaǵy (Orai, Bökei gubernialaryndaǵy aşarşylyq, halyq kōterilisteri, Alaş, küştep kōtterilgenderge qatystyqūjattar). Ūjymdyqenbek. – Astana (ortalyqofis), 2022. – 350 b.
12. Safullin J.N. Batys Qazaqstan oblysyndaǵy bailardy tārkiieu jāne jer audaru (1928-1932 jj.). Arhiv qūjattarynyñ jinaǵy. – Astana (ortalyqofis), 2022. – 350 b.
13. Haidarov E.E. Batys Qazaqstan oblysyndaǵy halyq kōterilisteri (1928-1932 jj.). Monografiia. – Oral: Danaortalyǵy; 2022. – 200 b.
14. Rysbekov T.Z. Kollektivizatsiia sovetskogo hoziaistva v Zapadnom Kazahstane i eposledstviia// Mejdunarodnana nauchno-prakticheskaiia konferentsiia «Satpaev skiechteniia – 13». – Pavlodar, 2013. – s.85-87.
15. Batys Qazaqstan oblysy memlekettik arhivi (āriqarai BQO MA). F.850. tizim I. is 6.
16. Golod v SSSR. 1929-1934: V 3 tomah. t.1. – iiyl 1932. – V.2. kn. Kn.1./Otv.sostavitel V.V. Kondraşin. – Mosvka: MFD, 2011 – seria «Rossiia». XX vek. Dokumenty. – 656 s.

17. Rysbekov T.Z. *tiydyistorii rodnogokraia. Pereizdan: 2-e izdanie. Uralsk: Zap. Kaz. gos. universitetim. M. Utemisova, 2007. – 196 s.*
18. Rysbekov T.Z. *Tarihi tanym jäne aqiqat: Maqalalar jinağy. – Oral: M. Ötemisovatyndağy BQMU redaksiyalyq baspaortalyğy, 2012. – 364 b.*
19. Boranqūl A. *Azamattyq jolyndağy azapty ömir. Oral: Poligraf servis, 2019, - 236 b.*
20. Haidarov J.E. *Jympity köterilisi // «Jahanşa Dosmūhamedov jäne Alaş ūltyq ideiasy» taqyrybyndağy HĜTK materialdary. Oral, 2022, b. 54-57.*